

Каспий құбыр арнасы консорциумы туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 19 сәуірдегі N 3464

Каспий құбыр арнасы консорциумын құру туралы шарттарды іске асыру мақсатында және олардың Қазақстан Республикасының мұнай саласын стратегиялық дамытудағы айрықша маңыздылығын ескере отырып қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Каспий құбыр арнасы консорциумының қызметіне байланысты шарттарды мақұлдау жөніндегі ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі:

1) "Каспий құбыр арнасы консорциумы - К" (бұдан былай "КҚК-К" АҚ-ы деп аталады) акционерлік қоғамына қатысты сұйық көмір сутегін тасымалдау жөніндегі қызмет экспортынан шетел валютасымен алынатын түсімді осы Жарлықтың 1-тармағында көрсетілген шарттар қолданылатын кезеңде міндетті сатуды енгізбейтін болсын;

2) Қазақстан Республикасының аумағындағы, сол сияқты одан тысқары жерлердегі банктерде шетел валютасымен "КҚК-К" АҚ-ның шоттарын ашуды қамтамасыз етсін;

3) "КҚК-К" АҚ-ға Қазақстан Республикасының резиденттерінен сұйық көмір сутегін тасымалдау жөніндегі қызметі үшін шетел валютасын алуына рұқсат етілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті